

## Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығын дамыту бағдарламасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 17 мамыр N 608. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары және 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қаңтардағы N 56 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығын дамыту бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдары Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шараларды орындауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығын дамыту бағдарламасының жүзеге асуын бақылау Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 17 мамырдағы

N 608 қаулысымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар  
нарығын дамыту**

**Бағдарламасы**

**А. Жалпы бөлім**

**1. Бағалы қағаздар нарығының жай-күйі  
және оны дамытудың проблемалары**

Бағалы қағаздар нарығының қазіргі жай-күйіне жасалған талдау өткен кезеңде (1991-1995 жылдар) бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеу тетігін

ұғыну тереңдей түскендігін көрсетті. Бағалы қағаздар айналысын реттеу мәселелері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (жалпы бөлім), "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) пен жоғарыда аталған Президент Жарлығының негізгі ережелерін нақтылайтын бірқатар басқа да нормативтік актілерде көрініс тапты. Аталған актілермен қор биржасының базалық ұғымдары қалыптасты, бағалы қағаздар нарығының негізгі қатысушылары, бағалы қағаздардың ұғымы мен түрлері айқындалды, дегенмен бірқатар ережелері нақтылауды және елеулі пысықтауды немесе өзгертулерді талап етеді.

Бағалы қағаздардың тиімді тетігі бір-бірімен өзара байланысты заңдар пакеті мен бағалы қағаздарды қалыптастырудың қазіргі кезеңінің шарттарын және бұрын қабылданған заңдарды қолдану практикасын ескеретін басқа да нормативтік актілердің және Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығын реттеуші заңдық актілердің болуын талап етеді.

Осы талапты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы бағалы қағаздардың эмиссиясын мемлекеттік тіркеу процесін және бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті лицензиялауды тәртіпке келтіретін бірқатар нормативтік актілерді әзірлеп, іске қ о с т ы .

Қазір бағалы қағаздардың отандық рыногының одан әрі дамуын қиындататын бірқатар бір-бірімен өзара байланысты проблемалар бар.

Бағалы қағаздар нарығының дамуына бірыңғай депозитарлық-тіркеушілік жүйенің болмауы кедергі келтіріп отыр, ал ол әртүрлі инвесторлардың арасында бағалы қағаздардың тиімді көшуін және бағалы қағаздарға меншік құқығын бекітуді жүзеге асыруға мүмкіншілік берер еді.

Бағалы қағаздар нарығының дамуын реттеудің қолданылып жүрген жүйесінің жетілмеуі елеулі проблема болып табылады. Бағалы қағаздар нарығын реттеу жүйесі бірыңғай және онда бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеудің де, сол секілді кәсіби қатысушылардың қызметінің өзін-өзі реттеуінің де элементтері б о л у ы т и і с .

Дәл қазіргі уақытқа дейін мемлекеттік бағалы қағаздар мен атқарушы өкіметтің жергілікті органдарының шешімі бойынша эмитирленетін бағалы қағаздардың эмиссиясы мен айналысының мәселелері заң жүзінде реттелген жоқ.

Бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының дамуының жеткіліксіз деңгейі депозитарлық-тіркеушілік қызметті, бағалы қағаздар нарығының биржадан тыс өтемді жүйелерінің қызметін, инвестициялық қорлар мен олардың басқарушыларының қызметін реттейтін қажетті нормативтік-құқықтық

актілерінің болмауына байланысты болып отыр.

Тұтастай алғанда бағалы қағаздар нарқының жай-күйі айналыстағы корпоративтік бағалы қағаздардың көпшілігінің өтемсіздігімен, көлемінің елеусіздігімен, материалдық базаның дамымағандығымен, тәуекелдің жоғары дәрежесімен, кадрлардың нашар даярлығымен сипатталады.

## **2. Бағалы қағаздар нарығын дамытудың мақсаты мен міндеттері**

Экономиканың жаңа құрылымының ажырамас бөлігі ретінде бағалы қағаздар нарығын дамытудың негізгі мақсаты инвестицияларды таратудың тиімді тетігін құру, Қазақстан Республикасында экономиканың салалары мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасында капитал жинау және оны ұтымды қайта бөлу болып табылады.

Аталған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

1. Бағалы қағаздар нарығының ұйымдық құрылымын дамыту, оған мыналар кіреді:

бағалы қағаздардың эмитенттері мен инвесторлары;  
бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары;  
кәсіби қатысушылардың өзін-өзі реттейтін ұйымдары, оның ішінде қор биржалары, биржадан тыс өтемді жүйелер;  
тіркеушілер, депозитарийлер, бағалы қағаздардың сақтаушылары;  
мемлекеттік реттеу және қадағалау органдары.

2. Бағалы қағаздар нарығын ұйымдастыру мен жұмыс істеу процесін реттейтін және кәсіби қатысушылардың өзін ұстау қағидаларын белгілейтін, сондай-ақ биржалық және биржадан тыс рынокта саудаластық технологиясын, бағалы қағаздар нарығында мәмілелердің түрлері мен сауда стратегияларын регламенттейтін нормативтік актілермен ұсынылған заң базасын қалыптастыру.

3. Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын құру және дамыту, оның негізгі функционалдық мәні бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру процестерін және олардың қайталама рыноктағы айналысын үздіксіз қамтамасыз ету болып табылады.

4. Бағалы қағаздар нарығын реттеудің тиімді жүйесін қалыптастыру.

5. Бағалы қағаздар нарығының білікті мамандарын даярлау жүйесін құру.

6. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын бағалы қағаздардың әлемдік рыногының жүйесіне интеграциялау.

Аталған міндеттерді жүзеге асыру Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығын дамытудың осы Бағдарламасын қабылдау қажеттілігін тудырады.

Осы Бағдарлама 1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама бағалы қағаздардың отандық рыногын дамытудың мақсатын, негізгі міндеттері мен бағыттарын, сондай-ақ оны жүзеге асырудың негізгі шараларын айқындайды.

Бағдарлама көзделген шаралардың кезең-кезеңімен орындалуын, Қазақстан экономикасын реформалаудың негізгі тетіктерімен бірге бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу мен өзін-өзі реттеу тетігін қоса алғанда бағалы қағаздар нарығын реттеу жүйесін тығыз үйлестіруді қарастырады.

Бағдарламаны жүзеге асыру үш кезеңде жүреді.

Бағалы қағаздар нарығының дамуына байланысты Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы бағалы қағаздар нарығының дамуына және оның қатысушыларының бағалы қағаздар нарығын реттейтін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын үйлестіру мен бақылау жасауды, мемлекеттік бағдарламалар мен рынокты дамытудың негізгі бағыттарын әзірлеуді, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығының жай-күйі мен даму тенденцияларына талдау жасауды жүзеге асыратын болады.

Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі шараларды нақтылауға жыл сайын бекітілетін және жарты жылда бір рет нақтыланатын жоспарда қол жеткізіледі.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Бағдарламаның жүзеге асырылу барысы туралы тоқсан сайын есеп беруге міндетті.

## **Б. Бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі бағыттары**

### **1. Бірінші кезең**

Бағдарламаны жүзеге асырудың бірінші кезеңіндегі (1996 жылдың сәуірі - 1997 жылдың наурызы) негізгі міндет бағалы қағаздар нарығындағы қызметке қатысты нормативтік актілердің кешенін қалыптастыруды аяқтау. Бағдарламаны жүзеге асырудың бірінші кезеңіндегі кезек күттірмес шаралардың қатарына - депозитарлық тіркеушілік жүйенің негіздерін жасау, инвестициялық қорлар қызметінің мәселелерін реттеу және қазір жұмыс істеп тұрған инвестициялық-жекешелендіру қорларын инвестициялық компанияларға айналдыру, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін құру

#### **1.1. Бағалы қағаздар нарығының заң базасын қалыптастыру**

1996 жылы қабылдануы қажет бірінші кезектегі заңдар мыналар:

Қазақстан Республикасының ішкі қарызы және мемлекеттік бағалы қағаздар туралы және Атқарушы өкіметтің жергілікті органдарының бағалы қағаздары туралы. Бұл заңдардың жобаларын әзірлеуді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Экономика министрлігімен бірлесіп жүзеге асыратын болады.

Қазақстан Республикасындағы депозитарлық және тіркеушілік қызмет туралы . Бұл заңның жобасын әзірлеуді Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және басқа да министрліктермен бірлесіп жүзеге асыратын болады.

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық компаниялар туралы. Бұл заңның жобасын әзірлеуді Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы мүдделі министрліктермен бірлесіп жүзеге асыратын болады .

Қазақстан Республикасындағы депозитарлық және тіркеушілік қызмет туралы және Қазақстан Республикасындағы инвестициялық компаниялар туралы Қазақстан Республикасы заңдарының жобалары Қазақстан Республикасы Парламентінің карауына 1996 жылдың 1 тамызында ұсынылатын болады.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ұлттық Банкі, Әділет министрлігімен бірлесіп бағалы қағаздар нарығын реттеу, ұғымдық аппаратты айқындау, бағалы қағаздар нарығындағы субъектілер қызметінің ерекшеліктері бөлігінде қолданылып жүрген заңдарды модификациялауы қажет.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996 жылы әзірлеуі және қабылдауы қажет бірінші кезектегі нормативтік-құқықтық актілер:

Туынды бағалы қағаздардың айналасы туралы ереже;

Шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа қосудың тәртібі туралы ереже;

Бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрін жүргізу жөніндегі ереже;

Инвестициялық консультанттардың қызметі туралы ереже;

Бағалы қағаздар биржадан тыс өтемді жүйесінің қызметі туралы ереже;

Бағалы қағаздар сақтау жөніндегі қызметті лицензиялау туралы ереже;

Бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік, дилерлік қызмет туралы ереже;

Инвестициялық қорлардың акцияларын шығаруды тіркеу мен жабудың тәртібі туралы ереже .

Шетел инвестицияларын тартудың тетігін жасау және шетел компанияларының бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа қосуды жетілдіру мақсатында бірінші кезеңнің ішінде Қазақстан Республикасына Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы депозитарлық жазбалардың айналысының қағидаларын белгілейтін нормативтік актілерді әзірлеп, практикаға енгізуі қажет.

## **1.2. Институциональдық инвесторлардың жүйесін құру**

Институциональдық инвесторлардың басты мақсаты бағалы қағаздарды инвестициялауды жүзеге асыру кезінде тұрақтылық пен кәсібилікті қамтамасыз ету, жұртшылықтың сенім білдіру дәрежесін арттыру болып табылады. Институциональдық инвесторлардың барлық түрінің қызметін мүлтіксіз реттеу арқылы күрделі қаржылардың тәуекелін шектеу бағалы қағаздар нарығы негіздерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында институциональдық инвесторлардың негізгі түрлері инвестициялық қорлар, инвестициялық компаниялар, сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары болады.

Бағалы қағаздар нарығын қалыптастырудың осы бағытын дамытудың шеңберінде 1996 жылы "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық компаниялар туралы", "Мемлекеттік емес зейнетақы қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары қабылданатын болады.

Бұдан басқа, 1996 жылы Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттік басқарудың басқа органдарының келісімімен жұмыс істеп тұрған инвестициялық жекешелендіру қорларын инвестициялық компанияларға, акционерлік қоғамдарға айналдырудың тетігін әзірлеп, қажетті шаралар кешенін жүргізеді.

Қазақстан Республикасы банк жүйесінің елеулі әлеуеті бағалы қағаздар нарығында инвестициялық компаниялар секілді функцияларды орындауды инвестициялық банктердің жұмыс істеуіне жағдайлар жасауға көмектесіп пайдаланылатын болады.

## **1.3. Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын құру**

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын құру және дамыту Бағдарламаны жүзеге асырудың бірінші де, сондай-ақ екінші де кезеңнің басым міндеті болып табылады. Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру үш бағытта жүретін болады:

бағалы қағаздардың айналысына сервистік қызмет көрсетудің және оған

меншік құқығын бекітудің жүйесі ретінде депозитарлық-тіркеушілік қызметті қ а л ы п т а с т ы р у ;

бағалы қағаздарды сатып алу-сату жөніндегі мәмілелерді жүзеге асырудың технологиялар жүйесін, сондай-ақ бағалы қағаздармен операциялар жасау жөніндегі есеп айырысуларды жүзеге асырудың жүйесін қалыптастыру;

бағалы қағаздар нарығын дамытудың ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қ ұ р у .

Аталған бағыттарға сәйкес бірінші кезеңде мынадай шаралар жүзеге асырылатын болады.

### **1. Орталық депозитарий мен оның аймақтық бөлімшелерінің жүйелерін құру**

Қазақстан Республикасының Орталық депозитарийі депозитарлық-тіркеушілік жүйенің үйлестіруші органы болады.

Орталық депозитарий қызметті үйлестіруді, депозитарлық-тіркеушілік жүйе субъектілерінің техникалық процедураларына бақылауды, депозитарийлардың арасындағы бағалы қағаздардың қозғалысына есеп жүргізуді, депозитарлық-тіркеушілік жүйе субъектілері мамандарының біліктілігін көтеруде ұйымдарға кәсіби білім беруге жәрдем көрсетуді, тіркеушілік техникалық жәрдем көрсетуді жүзеге асырады.

Орталық депозитарий 1996 жылы жабық үлгідегі акционерлік қоғам нысанында құрылатын болады, оның бақылау пакетін белгілі бір кезге дейін мемлекеттік акциялар пакеті түрінде сақтау қажет. Келесі екі жылдың ішінде Орталық депозитарийді коммерциялық емес ұйым ретінде кәсіби қатысушылар жекешелендіретін болады. Орталық депозитарийді құру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Ақпараттық есепке алу орталығы мен оның облыстық филиалдарының базасында жүзеге асырылатын болады.

### **2. Депозитарийлар мен тіркеушілердің қызметіне қажетті жағдайлар жасау**

Депозитарийлар депозитарий клиенттерінің бағалы қағаздарға меншік құқығын тіркеуді және бекітуді, сондай-ақ депозитарлық қызмет көрсету туралы тиісті шарттың негізінде осы бағалы қағаздарға қатысты бастапқы ұстау қызметін жүзеге асыратын болады.

Тіркеушілер реестр жүргізу арқылы эмитенттің шығарған бағалы қағаздарына меншік құқығын немесе иеленуін тіркеу мен бекітуді жүргізетін болады.

Депозитарийлар мен тіркеушілердің қызметі арнаулы шарттың негізінде Орталық депозитариймен өзара тығыз іс-қимылда жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар құжаттық түрінде шығарылған жағдайда бағалы қағаздардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бағалы қағаздарды сақтау жөніндегі функцияларды жүзеге асырушы сақтаушылар депозитарий мен бағалы қағаздар нарқына басқа қатысушылардың арасында байланыстырушы буын болып қызмет атқарады. Бұдан басқа сақтаушылар бағалы қағаздардың қозғалыссыздығы мен уақытша материалданбауы жөніндегі қызметтер көрсететін болады.

Депозитарийлар мен бағалы қағаздарды сақтаушылардың қызметі 1996 жылы тиісті заңмен және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның нормативтік актілерімен реттелетін болады.

### **3. Бағалы қағаздар нарқында мәмілелер жасау жүйесін қалыптастыру**

1996 жылдың 10 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмыс істеп тұрғандардың арасынан бір қор биржасын белгілейді, оған бағалы қағаздардың өркениетті биржалық нарығын қалыптастыру мақсатында, тиісті қабылданған халықаралық стандарттарда қажетті мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады. Аталмыш қор биржасында мемлекеттік бағалы қағаздар мен нормативтік бағалы қағаздардың мемлекеттік пакеттері бойынша саудаласулар жүргізілетін болады.

Қор биржасы листингтік талаптарға сай келетін акционерлік қоғамдардың мейлінше сенімді бағалы қағаздарының өтімділігін жүзеге асыруға арналған. Листингке енгізу үшін бағалы қағаздарды іріктеу эмитентті дамытудың орнықтылығы мен перспективалары өлшемдерінің, инвестициялардың ең төмен тәуекелі және басқа да көрсеткіштердің негізінде қор биржасында жүргізіледі. Өз кезегінде қандай да бір болмасын бағалы қағазды қор биржасының листингіне енгізу әлеуетті инвесторлар үшін олардың салымдарының қорғалуының белгілі бір кепілдігін білдіретін болады.

1996 жылы ұйымдасқан биржадан тыс сауда жүйесін құру және оның жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасалатын болады. Ұйымдасқан биржадан тыс рынок бағалы қағаздар нарқына кәсіби қатысушылардың өзін-өзі реттейтін бірлестігі ретінде құрылатын болады, оның негізгі компоненті оған қол жеткізудің алыстатылған мүмкіншілігіндегі автоматтандырылған коммуникациялық сауда жүйесі болып табылады.

Бағалы қағаздармен операциялар жасауды жүзеге асыруды технологиялық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен бірлесіп бағалы қағаздармен операциялар жасау жөніндегі есеп айырысулар жүйесін әзірлеуі қажет.

#### **1.4. Бағалы қағаздар нарқын мемлекеттік реттеуді жетілдіру**

Бағалы қағаздар нарқын қалыптастыру экономиканың осы саласындағы мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік саясатты іске асыруды, сондай-ақ бағалы қағаздар нарқындағы өзін-өзі реттеуді толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіншілік беретін бағалы қағаздар нарқының даму процесіне бақылау жасау мен оны басқарудың пәрменді жүйесін құруды талап етеді.

Бағалы қағаздар нарқын мемлекеттік реттеу жөніндегі функцияны Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы жүзеге асыратын болады.

Бағалы қағаздар нарқын реттеу жөніндегі қызметтің тиімділігін көтеру үшін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996 жылы республиканың бес қаласында - Ақмолада, Қарағандыда, Павлодарда, Ақтөбеде, Шымкентте атқарушы аппараттың аймақтық бөлімшелерін құратын болады. Бұл қалаларда аймақтық бөлімшелердің қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияға республиканың аймақтарында өзіне жүктелген функцияларды орындау жөніндегі өкілеттігін толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіншілік береді.

#### **1.5. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп берушілік реформасы**

Қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарқын дамытудың қажетті шарты бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп берушілік реформасы болып табылады. Осыған байланысты 1996 жылы Қаржы министрлігі мүдделі министрліктермен бірлесіп Бухгалтерлік есептің Халықаралық Стандарттарына (IAS) көшу жөніндегі шараларды жүзеге асыруы қажет. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп берушіліктің қабылданған халықаралық стандарттарға бейімделуінің нәтижесінде шетел инвесторлары эмитенттер туралы қажетті ақпарат, ал акционерлік қоғамдар - инвестицияларды тартудың нақты мүмкіншілігін алады.

## **2. Екінші кезең**

Бағдарламаны жүзеге асырудың екінші кезеңі (1997 жылдың сәуірі - 1998 жылдың наурызы) депозитарлық-тіркеушілік жүйе, инвестициялық қорлар мен олардың басқарушылары, өзін-өзі реттейтін ұйымдар, брокерлік-дилерлік конторлар жүйесі кіретін бағалы қағаздар нарқы инфрақұрылымы барлық элементтерінің өзара іс-қимылының жүйесін дамытуға және тиянақтауға байланысты болады.

### **2.1. Бағалы қағаздар нарқының инфрақұрылымын дамыту**

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарқының инфрақұрылымын дамыту екінші кезеңде Бағдарламаны жүзеге асырудың басым міндеті болуын жалғастыра беретін болады. Осыған орай Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы бағалы қағаздар нарқының бұрын құрылған инфрақұрылымы элементтерінің өзара іс-қимылы жүйесін пысықтау және жетілдіру жөнінде шаралар жүргізетін болады. Бәрінен бұрын бұл депозитарлық-тіркеушілік жүйенің жұмыс істеуіне, қор биржалары мен брокерлік-дилерлік конторлардың қызметіне қатысты. Бағдарламаны жүзеге асырудың екінші кезеңінде бағалы қағаздар нарқына кәсіби қатысушылардың өзін-өзі реттейтін ұйымдарының жұмысына және биржадан тыс өтемді жүйелердің қызметіне ерекше назар аударылатын болады.

### **2.2. Бағалы қағаздар нарқының өзін-өзі реттеуі**

Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар нарқының өзін-өзі реттеу жүйесіне бағалы қағаздар нарқына кәсіби қатысушылардың ассоциациялары, сондай-ақ қор биржалары кіретін болады. Аталмыш ұйымдар бағалы қағаздар нарқында қызметтің белгілі бір қағидаларын орнықтыру арқылы рынокты ішкі реттеуге арналған, 1996-1997 жылдардың ішінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қызметін дамыту жөнінде шаралар қабылдайтын болады, олар кейін бағалы қағаздар нарқына кәсіби қатысушылардың қызметін реттеуді жүзеге асыратын болады.

### **2.3. Бағалы қағаздар нарқының кәсіби мамандарын даярлау жүйесі**

Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарқын қалыптастыру бағалы

қағаздар нарқына кәсіби қатысушыларды даярлау үшін де, сондай-ақ халықтың экономикалық білімін көтеруге де арналған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру кешенінде жүзеге асырылады.

Бұл бағыттағы бағалы қағаздар нарқын дамытудың екінші кезеңінің басты міндеті атқарушы аппараттың аймақтық бөлімшелерінің жанында және республиканың басқа да қалаларында мамандарды даярлау жөніндегі оқу орталықтарының тараптары кіретін бағалы қағаздардың нарқына кәсіби қатысушыларды даярлау жүйесін құру болып табылады. Бұл ретте аталған орталықтардың қызметі орталықтардың оқу бағдарламаларын бекітетін, даярлауды жүзеге асырудың бағыттары мен ерекшеліктерін үйлестіретін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының бақылауымен жүзеге асырылады.

1997-1998 жылдары Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комитетімен, Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен бірлесіп республиканың жоғары оқу орындарының экономика факультеттерінде бағалы қағаздар нарқы үшін білікті мамандар даярлау бойынша мамандандырылған бөлімшелер ашу жөніндегі шараларды жүзеге асыратын болады.

#### **2.4. Бағалы қағаздар нарқын дамытуды ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін құру**

Бағалы қағаздардың өркениетті нарқы инвесторларға салымдарының тәуекелі мен мейлінше кірістілігін бағалау үшін жеткілікті ақпарат беруі тиіс.

Осы мақсатта бағалы қағаздар нарқы инфрақұрылымының аса маңызды элементі ретінде Бағдарламаны жүзеге асырудың екінші кезеңінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетпен және басқа да мүдделі министрліктермен және бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесіп мынадай жолдармен бағалы қағаздар нарқын дамытудың ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыратын болады.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы бағалы қағаздардың тіркелген эмиссиялары туралы, тіркеушілер, депозитарийлар, брокерлер мен бағалы қағаздар нарқының өзге де кәсіби қатысушылары туралы оларға лицензиялар беру туралы немесе оларды тоқтату және қайтып алу туралы мәліметтерді ашық, жүйелі және толық жариялайды;

эмитенттерге олардың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін егжей-тегжейлі ашатын есептерін мерзімдік міндетті жариялау, сондай-ақ олардың эмитенттелген бағалы қағаздардың бағасына ықпал жасауға қабілетті кез келген өзге де мәліметтер туралы талаптар қояды, аталған талаптардың

сақталуына мемлекеттік бақылау жүйесін орнатады;

қор биржаларына саудаласудағы тіркелген бағалы қағаздардың өтемдерін және әлемдік практикаға қалыптасқан өзге де ақпаратты міндетті түрде толық жариялау туралы талаптар қояды;

қор индекстерінің және бағалы қағаздар нарқының дамуын сипаттайтын көрсеткіштердің жүйесін құрады;

бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздар нарқын кең насихаттауды, сондай-ақ халықты ондағы "ойын ережелеріне " жаппай оқытуды ұйымдастырады.

Бағалы қағаздар нарқын дамытуды ақпараттың қамтамасыз ету жүйесін құру жөніндегі шаралар ретінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының жәрдем көрсетуімен ай сайынғы мамандандырылған журнал шығатын, сондай-ақ бағалы қағаздар нарқының мәселелері жөніндегі мемлекеттік емес басылымдарға ақпараттық-әдістемелік жәрдем көрсетілетін болады.

Бағалы қағаздардың тиімді рыногы мен қолайлы бәсекелестік орта құру мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы бағалы қағаздар нарқының өзін-өзі реттейтін ұйымдарымен бірлесіп бағалы қағаздар нарқына кәсіби қатысушылармен ресми қол жетпейтін ақпаратты пайдалануға шарт жасайтын бағалы қағаздар нарқындағы инсайдерлік көріністерге батыл күресетін болады.

### **3. Үшінші кезең**

Бағдарламаны жүзеге асырудың үшінші кезеңі (1998 жылдың сәуірі - 1998 жылдың желтоқсаны) бағалы қағаздар нарқындағы қызметті реттеу жүйесін жетілдіру және бағалы қағаздардың отандық рыногын қаржы рыноктарының халықаралық жүйесіне интеграциялау үшін жағдайлар мен алғышарттар жасау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруды көздейді. Бағдарламаны жүзеге асырудың үшінші кезеңіндегі міндеттердің бірі кәсіби қатысушыларға бағалы қағаздар нарқындағы қызметті дербес реттеу жөнінде мейлінше кең құқықтар беру болып табылады.

Бағалы қағаздар нарқының даму деңгейі отандық та, сондай-ақ шетелдік инвесторлардың да тараптарынан экономикаға ұзақ мерзімді инвестициялардың перспективасын айқындайтын негізгі фактор болып табылады.

Халықаралық қаржы нарықтарының жүйесіне интеграциялау жөніндегі бағалы қағаздардың нарығын дамытудың негізгі бағыттары Бағдарламаның екінші және үшінші кезеңінде бағалы қағаздардың әр түрін шығару мен айналысқа қосу ережелерін қолданылып жүрген халықаралық стандарттарға

сәйкестікке келтіру; бағалы қағаздармен мәселелерді жүзеге асыру ережелері; қолайлы инвестициялық ахуал жасау жөніндегі шараларды жүзеге асыру болады.

Рыноктың отандық қатысушыларының портфельдік инвестициялар нысанындағы басы бос қаржы резервтерін орналастыру саласында шетелдік қатысушылар ойдағыдай игерген әдістер мен құралдарды қолданудағы хабардарлығы мен даярлығының дәрежесі интеграциялау барысындағы маңызды ж а й т б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бағалы қағаздардың шетелдік нарықтарындағы практикалық тәжірибе ескеріліп бағалы қағаздар нарығындағы жұмыс үшін тиісті кадрларды даярлау туралы мәселе өзекті болады.

Интеграциялық процестердің негізгі принциптерін сақтау, сондай-ақ бағалы қағаздардың қазақстандық рыногын әлемдік экономикалық қауымдастыққа таныту мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Бағалы қағаздар жөніндегі халықаралық ұйымға кіру жөніндегі жұмысты жүргізеді.

#### **4. Бағдарламаны жүзеге асыру тетігі**

Көзделген ағымдағы және орта мерзімді шаралар бағалы қағаздардың отандық рыногын әлемдік стандарттарға баламдырақ жаңа деңгейге шығарады, оған бағалы қағаздармен сауданың көлемін ұлғайту, олардың өтімділігі мен институциональдық инвесторлар үшін тартымдылығын арттыру тән.

Бағдарлама құқық базасын әзірлеу мен жасау, техникалық жүйені құру, бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының шеңберінде ақпараттық қамтамасыз ету, кадрлар даярлаудың жүйесі мен бағалы қағаздардың рыногын әлемдік рынокқа қосу тетігін жасау жолымен Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту үшін жағдайлар тудыруға бағытталған. Бағалы қағаздардың дамыған нарықтарының қалыптасу тәжірибесін пайдалану негізінде жаңа экономикалық тетіктің принциптерін жүйелі түрде жүзеге асыру Бағдарламаның ерекшелігі болып табылады.

Бағдарламаны Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығын дамытудың бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарына сәйкес әртүрлі министрліктермен бірлесіп жүзеге асыратын болады. Бұдан басқа Бағдарламаны жүзеге асыруға бағалы қағаздар нарқына кәсіби қатысушылардың бірлестіктері де қосылуы мүмкін.

Бағдарламаның негізгі ережелерін жүзеге асыруды үйлестіру қызметін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК